

«Бекітілді»

№11 «Таңшолпан» бөбекжай - бақшасының
директоры _____

С.Ж.Жанекешова

**№5 ересек тобының "Шебер қолдар" вариативтік
компонент ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

Тәрбиешілері: Доцанова М.Ғ
Арыстанова Н.С

2021-2022жж

Түсінік хат

Дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салу, мүсіндеу, қол еңбегі бүлдіршіндердің ең сүйікті ісі де болады. Өйткені, бояу әлеміне ену, оны қолмен ұстап, сезіну арқылы салынған дүние- балалардың танымдық деңгейін ғана емес, сонымен бірге қоршаған ортаға деген қызығушылығын да арттырады. Сондықтан болар, дәстүрден тыс арқылы бейнелеу: - баланың психикасына эмоционалдық жағдайына; логикалық ойлау қабілетіне, саусақ моторикасының дамуына, қағаз бетіне бағдарлай білуді, көзбен көріп мөлшерлей білуді, эстетикалық талғамның қалыптасуына зор ықпал етеді. Жалпы мектепке дейінгі мекемелердегі бейнелеу өнерінің, мүсіндеудің, табиғи материалдармен жұмыс жасаудың шығармашылық қабілеттерін шыңдауда балалар үшін маңызы зор. Өз түсінгенін бұқпасыз, боямсыз жеткізетін жеткіншектің бояу арқылы бағдарлауында тәрбиешінің орны ерекше. Бала қиялына ерік беру арқылы оның ішкі сезімін, жан дүниесін бағдарлау, нәтижеге жетер жолдағы тиянақтылық пен іскерлік дағдысын дамыту. «Шебер қолдар» үйірмесі балаларды дәстүрден тыс әдісі арқылы сурет салуға, мүсіндеуге, жапсыруға, табиғи материалдарды қолданып өз шығармашылық қабілеттерін дамытып, жасаған жұмыстары туралы әңгімелей білуге үйретеді.

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлау қабілетін, мәдениетін дамыту. Шығармашылық іскерліктері мен эстетикалық талғамын қалыптастыру.

Міндеттері: Балалардың шығармашылық қабілеттерін шыңдап, бір затты әр қырынан көре білулеріне, жасаған жұмыстарын талдауға, өз ойларын жеткізе білулеріне машықтандыру. Бейнелеу өнеріне қажетті негізгі техникалық дағдыларды меңгерту. Саусақ моторикасының дамуына, эстетикалық талғамның қалыптасуына ықпал ету. Сурет өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру. Бастаған істі аяғына жеткізуге, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелей отырып, рухани- адамгершілік қасиетін дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелер: Дәстүрден тыс әдіс арқылы бейнелеу техникасын меңгеріп, өз беттерінше жұмыс жасайды. Шығармашылық қабілеттері шыңдалады. Жасаған жұмысы туралы айтып бере алады.

Р/с	Тақырыбы	Мақсаты	Керекті құралдар, көрнекіліктер
1	«Шебер қолдар»	Балаларға «Шебер қолдар» вариативтік компонентін түсіндіре отырып, бұл шығармашылық оқу қызыметімізде көптеген құралдармен жұмыс жасайтынымызды түсіндіріп айтып, құралдарды көрсету. Бұл жерде біз ермексаз, түрлі- түсті қағаз және бояу қарындаш, желім, гуашь, мата, жапырақ, кептірілген гүлдер құралдарын пайдалану арқылы біз көптеген жұмыстар жасаймыз. Балалардың қол маторикасын дамыту арқылы қызығушылықтарын арттыру.	Ермексаз, түрлі- түсті қағаздар, бояу қарындаштар, желім, гуашь, мата, жапырақ, кептірілген гүлдер. Тұзды қамыр.
2	"Шалғын шөптер" (жапсыру)	Жайлаудың суретін көрсете отырып, жасыл түсті қағазды шөп пішінінде ақ қағазға умаждау арқылы жапсыру. Балаларды икемділікке, мұқияттылыққа баулу.	Шөптердің суреттері, ақ қағаз, желім.
3	"Аққулар" (қол еңбегі)	Балаларды құстармен таныстыру. Құстардың ішінде Аққумен таныстырып, оның ерекше, әдемі құс екенін айтып өту. Қағаздың түрлерімен таныстыру. Қағаздан қиылған дайын Аққудың суретін желімдеп қатты картонға жапсыру. Ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.	Аққудың суреттері, картон қағаз, желім.
4	"Сиыр" (сурет салу)	Үй жануарларымен таныстырып, сиыр туралы балаларға мағұлмат беріп, осы сиырдың дайын суретін әдемілеп бояйтынымызды айту. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, қарындашты оң қолымен ұстауға үйрету, жаттықтыру.	Сиырдың суреті, түрлі- түсті бояулар.
5		Түймедақ гүінің суретін көрсетіп, пластилинография	

	"Түймедақ" (мүсіндеу)	тәсілін қолдана отырып ермексазды қағазға жапсыру арқылы түймедақты бейнелеуді қалыптастыру. Қол икемділіктерін дамыту.	Ақ қағаз, ермексаз.
6	"Қызыл-сары жапырақтар" (саусақпен сурет салу)	Күз мезгілінің ерекшеліктерін айта отырып, ағаштардың жапырақтары қызарып, сарғайып жаймен жерге түсе бастайтынын айту. Осы керемет күзгі бейнені қағаз бетіне түсіреміз. Саусақпен сурет салу әдісімен таныстыра отырып, дайын ағаш бейнесіне гуащқа саусағымызды батырып жапырақ бейнесін жасауды үйрету. Сурет салуға деген қызығушылығын туғызу.	Күз мезгілінің суреті. Ағаштың суреті бар ақ қағаз, сары қызыл гуашь, шүберек.
7	"Қашқаргүл" астра (мүсіндеу)	Балаларды гүлдермен таныстыруды жалғастыру. Қашқаргүлдің суретін көрсетіп, осы гүлді ермексаздан әдемілеп мүсіндеуге үйрету. Гүлдің жапырақтарын сопақша етіп мүсіндеу, ал ортасы дөңгелек етіп жасау. Мүсіндеу арқылы балалардың қол икемділіктерін арттыру.	Қашқаргүлдің суреті, ермексаз.
8	"Арыстан" (жапсыру)	Жабайы жануарлар ішіндегі арыстанның суретін көрсету. Арыстанның қиылған дайын суретін балалардың алдына қойып, арыстанның денесін дұрыс табу арқылы ақ қағазға желіммен жапсыруды үйрету. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.	Арыстанның суреті, қиылған суреттер, желім.
9	"Тасбақаның суретін салып үйренеміз" (сурет салу)	Тасбақа туралы балаларға мағұлмат беру. Тасбақаның денесін, басын, аяқтарын салып көрсету және үйрету. Өздері салған тасбақаны ұқыпты бояуға жетелеу. Сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру.	Тасбақаның суреттері. Түрлі- түсті бояулар. Ақ қағаз.
10	"Үйрек" (мүсіндеу)	Балалардың назарын үйрекке аудару. Үйректің қайда тіршілік ететінін түсіндіре отырып, тұзды қамырды ұқыпты пайдалану арқылы үйректің бейнесін мүсіндеу. Қол икемділіктерін арттыру.	Үйректің суреті. Тұзды қамыр.

11	"Алтын балық" (қол еңбегі)	Балаларға балық туралы түсінік беру. Қайда мекен-дейтіні туралы айтып түсіндіру. Дайын балықтың суретін дәстүрден тыс құралдарды пайдалана отырып әшекейлеуге үйрету. Қол маторикасын дамыту. Балалардың қызығушылықтарын арттыру.	Балықтың суреттері. Жылтыр қағаздар, моншақ, желім.
12	"Қалампыр" (қол еңбегі)	Қалампыр суретін көрсете отырып, ермексаздан қалампырды қалай мүсіндеуді көрсету және үйрету. Қол икемділіктерін дамыту.	Қалампыр гүлінің суреті. Түрлі- түсті ермексаз.
13	"Қысқы киім" (қол еңбегі)	Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айта отырып, қалың киімдердің суреттерін көрсетіп, бұл киімдердің барлығы матадан жасалатыны туралы айту. Алдарына дайын матадан қиылған қысқы киімдерді беріп, ақ қағазға мұқият жапсыруды үйрету.	Қысқы киімдердің суреттері, әртүрлі мата, желім.
14	«Аққала» (қол еңбегі)	Қыс мезгілінің қызықтарын айта отырып балалардың назарын аққалаға аудару. Балалардың алдарына түрлі құралдарды беріп аққала жасауға үйрету. Өз қолымен бұйым жасауға қызығушылығын арттыру. Аққала бөлшектерін әдемі орналастырып бекіту.	Аққаланың суреті. Ақ мақта, желім, фетра.
15	"Досыма сыйлық" (мүсіндеу)	Балаларға түрлі- түсті ермексазды әкеліп алдарына беріп, өз қалаулары бойынша достарына сыйлық жасауға үйрету. Ойлау қабілеттерін дамыту. Бір- біріне деген достық қарым- қатынаста болуға баулу.	Әр түрлі сыйлықтардың суреттері, ермексаз.
16	"Кішкентай шыршаға қыста суық" (саусақпен сурет салу)	Балаларға жаңа жыл мерекесі туралы мағұлмат беру. Дайын шыршаның бейнесін әшекейлеуге үйрету. Суреттің барлық бетіне аусақпен ноқаттарды салуды жаттықтыру, түстерді қабылдауын дамыту, шыршаның бейнесі арқылы табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Шыршаның дайын пішіні, ақ немесе көгілдір гуашь.
17		Алжапқыштың суретін балаларға көрсету. Дайын	Алжапқыштың суреті.

	"Сәуленің алжапқышы" (жапсыру)	алжапқыштың жиегіне дөңгелекше жапсырып безендіруді үйрету, саусақ бұлшық еттерін дамыту, ыждағаттылықпен ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Дайын пішін, дөңгелекше, желім.
18	"Сегізаяқтар" (алақанмен сурет салу)	Сегізаяқтың суретін көрсете отырып, балаларға мағұлмат беру. Гуашь бояуын пайдаланып алақанмен сегізаяқтың бейнесін салып көрсету және үйрету. Мұқияттылыққа, таза жасауға дағдыландыру.	Сегізаяқтың суреті. Ақ қағаз, гуашь.
19	"Тауық пен балапан" (жапсыру)	Балалардың алдарына тауық пен балапаның суретін әкеліп таныстру. Дайын қиылған тауықпен балапаның суретін ақ қағазға мұқият жапсыруға үйрету. Қағазбен жұмыс жасау іскерлік дағдыларын қалыптастыру.	Желім, қағаздар, үлгілер.
20	"Орманда" (қол еңбегі)	Балаларға гүлдердің ағаштардың түрлері туралы мазмұндау. Балаларды бояумен сурет салғызуға қызығушылығын арттыру. Қылқаламды дұрыс ұстап орман ағаштарын салуға қол икемділіктерін арттыру.	Суреттер, бояулар, қылқалам, ақ қағаз.
21	"Менің сүйікті ойыншығым" (тығынмен, саусақпен сурет салу)	Балаларға ойыншықтардың суретін салғызу. Берілген сұлбадан шықпай бейнені тығынмен әшекейлеуге жаттықтыру, саусақ бұлшық етін дамыту ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.	Гуашь, ыдыстар, доптардың суреті.
22	"Ұшақтар" (бүктеу)	Ұшақтың суреттерін алып келіп балаларға көрсету, таныстыру. Осы ұшақты қағаздан бүктеп жасауға болатынын айтып көрсету. Балалармен бірге саусақ маторикасын дамыту арқылы қағаздан бүктеу тәсілін қолданып, түсіндіріп ұшақ жасау.	Ұшақтың суреттері, қағаздар,
23	"Бақа" (жапсыру)	Бақаның суретіне назар аудара отырып, балаларға Дайын бақаның суретін желіммен қағазға мұқият жапсыруға дағдыландыру. Бақаның суретін жапсырып болғасын оны әдемілеп бояуға үйрету.	Бақаның суреті, желім. Қарандаш.
24	"Паровоз"	Балаларға паровоздың суретін көрсету. Осы паровозды	

	(мүсіндеу)	ермексаздан жасап көрсету. Паровозды мүсіндеу барысында шағын көлемді кесек есу әдіс- тәсілдерін түсіндіру. Алдымен алған кесегімізді алақан ортасына салып домалақтау, содан кейін шымшу арқылы бұрыштарын шығарып паровоз мүсінін жасау.	Паровоздың суреттері, ермексаз.
25	"Бақ – бақ" (қол еңбегі)	Бақ- бақ гүлінің суретіне назар аударта отырып, Балалардың ынта – ықыласын арттыру, түтікшені гуашьқа батырып бақ- бақ гүлін әсемдеуге үйрету.	Бақ –бақ гүлінің суреті. Гуашь, түтікше
26	"Анамызға сыйлық" (қол еңбегі)	Аналар мерекесін түсіндіре отырып, аналарымызға арнап сыйлықтар жасауды қалыптастыру. Дәстүрден тыс құралдарды пайдална отырып әдемі сыйлық жасауға үйрету. Балалардың қызығушылығын арттыру.	Аналар мерекесінің суреттері. Түрлі гүлдердің суреті, желім, түрлі- түсті қағаздар, фетра.
27	"Құстар" (сурет салу)	Балаларға «Құстар» туралы айтып беру. Дайын құстардың суретін әдемілеп, ұқыпты бояуға қалыптастыру. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру.	Құстардың суреттері. Қарындаштар.
28	«Гүлдер әлемі» (Сурет)	Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылығын арттыру. Тығынды түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп гүлді бейнелеп салу. Балалардың қол икемділігін арттыру.	Суреттер, қарындаштар, ақ қағаз. Тығын
29	"Алқаптағы гүлдер" (жапсыру)	«Көктем» мезгілінде өсетін гүлдер туралы айту. Қол икемділігін дамыта отырып, алдын ала жиналып, кептірілген Көктем гүлдерін жапсырмалау.	Алқаптағы гүлдердің суреттері. Кептірілген гүлдер, желім
30	"Өз ойлары бойынша сурет салу" (көрме ұйымдастыру)	Бастаған ісін соңына дейін жеткізуді сурет салу үшін тақырыпты өздері таңдауды үйрету. Елестету қабілетін дамыту, өз суреттерін әңгімелеп беруге деген ынталылыққа тәрбиелеу.	Гуашь, қарындаштар, ақ қағаз желім, ермексаз.
31	«Жаңбыр» (саусақпен сурет салу)	Жаңбыр туралы түсініктерін қалыптастыру. Гуашьқа саусақтарының ұшын батырып ақ қағазға жаңбырдың	Көрнекі суреттер. Гуашь, ақ қағаз

		тамшыларының суретін салу.	
32	"Қонжық" (қол еңбегі)	Аюдың баласы туралы әңгімелеп мазмұндау. Дәстүрден тыс әртүрлі құралдарды біріктіріп, аю бейнесін жасауға үйрету. Дене бөліктерін біріктіріп, желімдеу, балалардың ой – қиялын дамыту.	Қонжықтың суреті. Қажетті құралдар. Желім.
33	"Жайлауда" (қол еңбегі)	Балаларға «Жайлау» туралы әңгімелеп, мазмұндау. Жайлаудың бейнесін әртүрлі заттардан тастан, қағазды уағдау арқылы бейнелеп жасауды үйрету. Қол бұлшық еттерін дамыту	Жайлаудың суреті. Тастар, қағаздар, желім.
34	"Балықтар" (жапсыру)	Саусақ икемділіктерін әрі қарай жаттықтыру. Балықтың бейнесін флоротипия әдісімен жасау. Жапырақты желімдеп қағазға жапсырып балықты бейнелеп шығаруға үйрету.	Балықтың суреті. Жапырақтар, желім.
35	"Қайықша" (бүктеу)	Балалардың алдына қайықтың суретін әкеліп көрсетіп, осы қайықшаны қағаздан жасауға болатынын айтып, жасап көрсету. Қайықшаны қағаздан бүктеу тәсілдері арқылы жасауға жаттықтыру.	Қайықшаның суреті. Қағаздар
36	"Қоңыраугүл" (сурет)	Қоңыраугүл суретін балаларға көрсетіп таныстыру. Алдымен Қоңыраугүлдің суретін балаларға әдемілеп жан- жағына шығармай бояп көрсету. Сурет салуға қызығушылығын арттыру, қарындашты оң қолымен ұстауға үйретіп жаттықтыру. Қоңыраугүлдің дайын суретін бояту.	Қоңыраугүл салынған суреттер. Қарындаштар, дайын қоңыраугүлдің суреті.